



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27 маусым, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy.kz/



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy_kz

ҚАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ ҚҰДІРЕТ

28 маусым - БАҚ қызметкерлері күні

БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ПӘТЕР БЕРІЛДІ



Кеше Астанада БАҚ қызметкерлері күні қарсаңында еліміздің жетекші мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп жүрген журналистер мен басқа да қызметкерлерге пәтер сертификаттары салтанатты түрде табыс етілді деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Qazaqstan» РТРК» АҚ, «Хабар» агенттігі» АҚ, ҚР Президентінің Телерадиоқоғамы, «Qazcontent» АҚ және «Қазақ газеттері» ЖШС қызметкерлеріне пәтер кілтін Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары – Президенттің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай тапсырды.

Олар өңірістерін мерекемен құттықтай отырып, олардың отандық журналистиканы дамытуға елеулі үлес қосып жүргенін атап өтті.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөлетінін айтты. Сондықтан Президент еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін қолдау жөнінде шешім қабылдағанын жеткізді.

Сонымен қатар БАҚ қызметкерлерін Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, «Дара» қорының басшысы Әсел Шілдебаева және «Халық» қайырымдылық қорының

директоры Сағынбек Шүнкеев құттықтады.

Пәтер сертификатына ие болған БАҚ саласының 65 қызметкері елордада жаңадан бой көтерген зәулім үйлердің біріне жуырда қоныстанды.

Масс-медиа мамандарының айрықша еңбегін айықтайтын шара «Дара» президенттік бастамалар қорының және «Халық» қайырымдылық қорының демеушілігімен ұйымдастырылды.

2022 жылы құрылған «Дара» президенттік бастамалар қорының қызметі Қазақстанда креативті секторды дамытуға, азаматтардың шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауға, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған.



ҰЛТЖАНДЫ ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ ҰСТАХАНАСЫ

Сыр журналистері марапат төрінде

Қазақ журналистикасына қомақты олжа салған қаламгерлердің қатарында қасиетті Сыр өңірі түлеткен таланттардың шоқтығы бір төбе. Текті тулғалар түлеп ұшқан туғұрыл өлкеден шыққан түйдек ойлы тілшілер төрткүл дүниені мойындатып жүр. Елде қалып, аймақ ақпаратын айшықты етіп жүрген журналистер еңбегі де әрқашан айрықша. Дәстүрге сай Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған «Қанатты қалам – 2023» мерекелік салтанатты шарасы өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев журналистерді төл мерекемен құттықтап, ақжарма тілегін арнады.

СП Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Облыс басшысы ақпарат ағынынан қалмай, өз көрермендері мен оқырмандарына адал қызмет етіп, мамандығын қадір тұтқан журналистердің қоғамдағы алар орнына тоқталды.

Жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы болып, әрдайым қоғамдық ахуалдың алғы шебінде жүретін, ақпарат кеңістігінде тандаған мамандығына адал болып, ұстанымын өзгертпеген, қаламды қасиет тұтқан бұқаралық ақпарат құралдары саласының қызметкерлеріне әркез айтар алғысымыз шексіз.

Алаш ардақтысы, көрнекті ағартушы Міржақып Дулатұлының «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы мықты» деп ХХ ғасырдың басында айтқан сөзі ХХІ ғасырда да өз маңызын толық сақтаған. Қазіргі қоғамның өзекті әрі шынайы ақпаратқа деген талғамы өте



жоғары. Сондықтан да нақты адами ұстаным, әрбір жаңалыққа бей-жай қарамай, шынайдықтың түбіне жетуге ұмтылу – сіздердің мамандықтарыңыздың негізгі бағыты.

Сыр өңіріндегі бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік билік пен қалың бұқараның арасындағы алтын көпір ғана емес, еліміздің толағай табыстары мен зор жетістіктерінің жаршысына айналдыңыздар. Өздеріңіздей туған жердің тарихын қадір тұтып, бүгінгісіне марқайып, ертеңіне алаңдайтын қадірлі қауыммен жүздесу біз үшін де үлкен қуаныш. Ел дамуының барлық кезеңінде сіздер арқылы халыққа шынайы ақпарат дер уақытында тарап, елдің ертеңге деген сенімін арттырып жүрсіздер, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сондай-ақ облыс басшысы бұқаралық ақпарат құралдары таңбаланған тарих, бүгінгі бейнесін болашаққа аманаттайтын мұра екенін де бейнелі сөзбен орнықты жеткізді.

– Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбында Түркістанда өткен Ұлттық

арттыруға зор үлес қосып, халықтың құрметі мен қошеметіне бөленген аға буын журналистер отыр.

Сыр өңірінен шыққан жүздеген журналист әлемнің түкпір-түкпірінде, еліміздің әр өңірінде, өз өлкемізде абыройлы қызмет етуде. Олар ел өміріндегі әр жетістікті өз жетістігіндей көреді. Қиындықты жүрегімен қабылдап, әр сәтті қалт жібермеуге тырысады. Барша баспасөз, теледидар, радио, интернет басылмалары қызметкерлерінің еңбегіне шығармашылық табыс, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, амандық тілейміз, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Аймақтың ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар БАҚ өкілі облыс әкімінің арнайы марапатына ие болып, құрмет төрін көрді. Қызылорда қоғамдық телеарнасының құрылтайшысы, ақын Шәкізат Әбдікәрімов Қызылорда облысының құрметті азаматы атанды. Бірқатар БАҚ қызметкеріне облыс әкімінің, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің марапаттары табысталды. Мұнан бөлек, 20 БАҚ өкіліне түрлі номинация, 10 сала ардагеріне шипажайға жолдама берілді. С.Бермағанбетов атындағы жас журналистер байқауының жеңімпаздары да арнайы марапат алды.

Айта кетейік, бүгінде облыстың медиа кеңістігінде 148 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс жасауда. Оның 13-і мемлекеттік болса, 135-і тәуелсіз. Олардың ішінде 120-сы газет, 25-і интернет-сайт пен ақпараттық агенттіктер, 3-еуі телеарна, 137-сі облыстық, 2-еуі қалалық, 9-ы аудандық деңгейде ақпарат таратады.

САПАР

ЖЕРІ КҮРІШТІ, ЕЛІ ЫРЫСТЫ

КҮРІШ КӨРМЕ-ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ

Өткен сенбіде Қызылордада ҚР Премьер-министрінің орынбасары-Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин бастаған Үкімет делегациясы жұмыс сапарымен келді. Делегация мүшелері облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге ауыл шаруашылығы нысандарының жұмысымен танысып, «Жері күрішті, елі ырысты Қызылорда» атты 2 күндік күріш көрме-жәрмөңкесіне қатысты.



Алдымен Үкімет басшысының орынбасары Сырдария ауданындағы «Мағжан и Қ» ЖШС күріш ақтау және түз өндіру зауытының жұмысымен танысты. Заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған және бірыңғай автоматтандырылған жүйе арқылы басқарылатын кәсіпорын азық-түлік тауар-

ларының бірқатар түрін шығаруда.

Мұнан кейін Серік Жұманғарин «Абай-Дәулет» ЖШС күріш зауытын және күріш сататын арнайы дүкенін аралады. «Жан Арай» ЖШС агроөнеркәсіп кешенінің қуаттылығы 4000 тонна қойма құрылысымен танысты.

2-бет



БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман!

2023 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 3500 теңге, мекемелер үшін – 4500 теңге.



